

Ресми рецензент, ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор К.С. Матыжановтың «6D020500 – Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Балтымова Майра Рашидовнаның «Қазақ балалар фольклоры: генезисі, типологиясы, поэтикасы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына
ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымды дамытудың бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету)</p> <p>3) <u>диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді</u></p>	<p>«Қазақ балалар фольклоры: генезисі, типологиясы, поэтикасы» тақырыбында жазылған диссертация Қазақстан Республикасының төмендегідей мемлекеттік бағдарламаларына сәйкес дайындалған:</p> <p>1) Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңы» (Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңы).</p> <p>2) «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы (2003 жылғы 16 сәуір).</p> <p>3) Балалар жылын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 20 наурыздағы №148 қаулысы.</p> <p>4) Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (5.1.6. Білім алушының зияткерлік, рухани адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету) (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы).</p> <p>5) Қазақстан Республикасының 2023-2029 жылдарға арналған цифрлық трансформация, ақпараттық коммуникация мен технологиялар саласы және киберқауіпсіздікті дамыту тұжырымдамасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №269 қаулысы).</p>

2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	<p>Диссертант М.Р. Балтымова өз зерттеуі барысында қазақ балалар фольклорының дамуына өзінің елеулі үлесін қосып, қазақ балалар фольклорының генезисін, типологиясын, поэтикасын көрсететін балалар фольклорының үлгілерін талдап аталған жұмыстың ғылымдағы маңыздылығын толық ашқан. Зерттеуші қазақ балалар фольклорының генезисін, типологиясын және поэтикасын PhD докторлық диссертация қарымында алғаш талдап, балалар фольклорының жанрларын, үлгілерін танымдық-тәрбиелік, көркемдік-эстетикалық қызметін анықтаған. Қазақ балалар фольклорының дамуы мен қалыптасуындағы философиялық, ағартушылық ойлардың өзектілігін көрсетіп, зерттеу мәселесін ұлттық таным, халықтық дәстүрлі тәрбие, тұрғысынан түсіндіреді. Қазақ балалар фольклорының қалыптасуы халық шығармалары негізінде жүзеге асатындығы диссертацияда орынды атап көрсеткен (19-22 бб.). XIX ғасырдағы қазақ фольклорының халық аузынан жинақталып, хатқа түскен үлгілерінің ғылыми айналымға енуіне үлес қосқан фольклортанушылардың еңбектеріне тоқталып, оның ішінде ұрпағымыздың тәрбиесін дәріптеудегі қазақ балалар фольклоры үлгілерін ерекше ден қойып жинақтған Ә. Диваевтың, Н.Н. Пантусовтың еңбектері бүгінгі қазақ балалар фольклоры үлгілерінің жіктелімдерін жасауға негіз болғандығын айтады. Қазақ балалар фольклорының дамып, қалыптасуына ықпал еткен сол кездегі ғылыми көзқарастар жүйесін құрушы ұлы ақын А. Құнанбаев, этнограф, ғалым, саяхаттанушы Ш. Уәлиханов, ағартушы, педагог Ы. Алтынсарин, ұлт ұстазы А. Байтұрсынов, алаш қайраткері Х. Досмұхамедовтың балалар фольклоры туралы айтылған еңбектеріне шолу жасауы (19-б.) диссертациялық еңбектің ғылыми зерттеулер жүйесіндегі маңыздылығын аша түседі. Қазақ балалар фольклорының қалыптасуы мен дамуын А. Құнанбаевтың халық мұраларына ерекше ден қойып, өзінің қара сөздерінде (бесінші, жиырма тоғызыншы қара сөздері) қолдануымен (20-б.), Ш. Уәлихановтың халық поэзиясы турасындағы түйінді пікірлерімен (24-б.), ағартушы Ы. Алтынсариннің педагогикалық көзқарастарымен, 1879 жылғы «Қырғыз хрестоматиясы» (25-б.) еңбегіндегі балаларға арналған шығармалары арқылы пайымдаған. Қазақ балаларының сауаттануына үлесін қосқан А. Байтұрсыновтың 1926 жылы жазған «Әдебиет танытқыш» еңбегіндегі балалар фольклорының шағын жанрлары бесік жыры, өтірік өлеңдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, жарапазан атауларын ғылыми терминге айналдырып, оларды шағын жанрларға жіктеуін көрсетуі, Х. Досмұхамедовтың қазақ халқының бүкіл тұрмыс-тіршілігі, наным-сенімі,</p>
----	---------------------	---	--

			<p>құндылықтар жүйесінің халық ауыз әдебиетінде көрініс беретіндігі туралы пікірлері арқылы (27-28 бб.) қазақ балалар фольклорының зерттелу деңгейін көрсеткен. Қазақ балалар фольклорының зерттелуін еліміздің тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдардағы көрінісін ғылыми нысанға айналдырған С. Қасқабасов, К.І. Матыжанов зерттеулерімен дәйектеген. Сонымен бірге қазақ балалар фольклоры жанрларының топтастырылып, жинақталуына негіз болған еліміздегі М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында дайындалып, Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жарық көрген ірі академиялық еңбектер, жүз томдық «Балалар сөзі» сериясының «Балалар фольклорына» арналған 72-томы, он томдық «Дала фольклорының антологиясының» 6-томындағы «Ғұрыптық фольклор», 10-томындағы «Ғибратты фольклор» жинақтарындағы шағын жанрлардың жинақталуы қазақ балалар фольклорының ұрпақ тәрбиесіндегі мәнін тереңінен түсіндіретіндігін нақтылаған (31-32 бб.) және осы жинақтардағы балалар фольклоры мәтіндеріне көркемдік құралдардың көмегімен (115-133 бб.) талдаулар жасаған.</p> <p>Диссертациялық еңбекте диссертант М.Р. Балтымова қазақ балалар фольклорының қалыптасуы мен даму тарихын ғылыми-теориялық талдаулар негізінде толық қарастырған. Диссертациядағы ғылыми пайымдаулар мен тұжырымдар қазақ балалар фольклорының ұрпақ тәрбиесіндегі алатын орны мен оның рухани-адамгершілік тұрғысынан алғандағы қызметін А. Құнанбаев, Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Байтұрсынов, Х. Досмұхамедовтың көзқарастарына сүйеніп дәлелдеген. Диссертант «фольклор» ұғымын «халық танымы», «халық даналығы», «салт-дәстүрлер», «ырымдар мен тыйымдар» деген ұғымдармен санамызға сіңген көрінісін баяндап, фольклордың әдебиет, этнография, этнолингвистика салаларымен байланысты танылатындығын дәйектеген. Ғылымның даму бетбұрысына қарай жүргізілген зерттеулердегі халқымыздың рухани байлығын осы фольклор үлгілерінен іздеп табатынымыз туралы көзқарастарын айта келе, диссертант осы тақырыптың шетел ғалымдарының еңбектерінде зерттелгендігін айтып, нақты мысалдармен түсіндірген (33-б.).</p> <p>Ғылыми зерттеу барысында фольклордың ХІХ ғасырдағы жеке ғылым ретіндегі қалыптасуы мен дамуынан бастап, бүгінгі Тәуелсіздік алған жылдардан бергі қазақ балалар фольклорының дамуы мен қалыптасу кезеңдері талданған. Сонымен бірге ХІХ ғасырға дейінгі халық арасынан шыққан танымал жыршылар мен өлеңшілердің тарихи, тұрмыстық сипатта ой қозғап, елдің</p>
--	--	--	---

			<p>мүддесін қорғауда жасаған нық қадамдары туралы айтылуы, диссертанттың фольклордың даму тарихына шолу жасап, өзінің зерттеушілік пайымдауларын жасағандығын көрсетеді.</p> <p>Докторанттың қазақ балалар фольклорының көркемдік сипаты (114-б.), балалар фольклоры шығармаларының сюжеттік-композициялық ерекшелігі (132-б.), дәстүрлі орындалуы мен трансформациялануы жайында жасаған талдаулары (144-б.) ғылыми жұмыстың тәжірибелік маңыздылығын танытады және болашақта осы бағытта жүргізілетін зерттеушілік еңбектерге арқау болады деп есептейміз. Аталған зерттеу нәтижелері фольклор, балалар фольклоры, фольклор жанрлары, балалар әдебиеті мен балалар поэзиясы салаларын дамытуда айтарлықтай үлес қосады және маңызы жоғары деп санаймыз. Бұл пікірдің маңыздылығы диссертациялық жұмыста нақты ашылған.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>жоғары</u>; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған 	<p>Балтымова Майра Рашидовнаның өзі жазу деңгейі жоғары, академиялық жазу қағидастары мен стилін меңгерген, өзіндік сыни пікірі бар, ғылыми тілі жатық. Өзінің жеке пайымдауларын бере отырып, ғылыми ережелерді тұжырымдап, зерттеу тақырыбының өзектілігін дәлелдей алған. Диссертанттың қорғауға ұсынып отырған тұжырымдары – зерделенген және жариялаған жұмыстарының нәтижесі.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>негізделген</u>; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген. 	<p>Диссертациялық жұмыстың өзектілігі (8-б.) толығымен негізделген. Еліміз тәуелсіздік алған жылдардан кейінгі өркениет пен мәдениеттің дамуындағы жаңа бетбұрыстардың қазақ балалар фольклорының ғылым ретіндегі дамуына жаңашыл идеялар мен тың зерттеулер әкелгендігі диссертациялық еңбектің құндылығын арттыратыны көрсетілген. Одан кейінгі ХХІ ғасырдағы жаһандану дәуірінде ғылым аласында орын алған өзгерулер мен жаңарулардың қазақ балалар фольклоры үлгілерінің дәстүрлі орындалуы мен трансформациялануына ықпалы мен оның көріністері жайында баяндалған. Қазақ балалар фольклорының жекеленген ғылыми мақалалар түрінде қарастырылғанымен, бүгінгі күнге дейін PhD докторлық диссертация қарымында алғаш рет зерттелуі диссертациялық еңбектің өзектілігін көрсетеді.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>айқындайды</u>; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды 	<p>Диссертациялық жұмыстың мазмұны диссертация тақырыбын толық айқындайды және қорғауға ұсынылып отырған тұжырымдар зерттеу жұмысының мазмұнына сай жүзеге асырылған (9-13 бб.).</p> <p>Диссертация тақырыбы да, оның ішкі мазмұны да қазақ балалар фольклорының генезисін, типологиясын және поэтикасын анықтауда фольклордың шығу тегі</p>

			жайындағы мифологиялық мотивтерге, жанрлық жәктелімдеріне, мәтіндерді көркемдік құралдардың көмегімен талдау жұмысында зерттеуге бағытталған.
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>сәйкес келеді</u>; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді 	<p>Диссертациялық жұмыстың мақсаты – қазақ балалар фольклорының қалыптасуы мен дамуын, зерттелуін қарастыру, жіктелуі мен жанрлық ерекшелігін, көркемдік сипаты мен сюжеттік-композициялық құрылымын анықтау.</p> <p>Аталған мақсаттар мен оған қол жеткізудегі міндеттер зерттеу жұмысының тақырыбына толығымен сәйкес келеді, жұмыста нақты тұжырымдалған және іздену барысында диссертант қойылған мақсат-міндеттерге толық қол жеткізген (8-9 бб.).</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>толық байланысқан</u>; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ 	<p>Диссертациялық жұмыстың құрылымы кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Зерттеу жұмысында диссертант аталған бөлімдердің мазмұнын логикалық жағынан байланыстырған және жүйелі түрде берген. Атап айтқанда, бірінші бөлімде (17-57 бб.) қазақ балалар фольклорының қалыптасуы мен дамуына, зерттелуіне, қазақ балалар фольклорындағы мифологиялық мотивтерге теориялық тұрғыда тоқталған.</p> <p>Келесі бөлімде зерттеу жұмысының нысаны ретінде алынған қазақ балалар фольклорының жанрлық ерекшеліктері жұмбақ, жаңылтпаш, санамақ, мақал-мәтелдерде арнаулы сөздіктерден анықтамалар беріліп, (58-71 бб.) балалар фольклорының жанрлық ерекшеліктері көрсетілген. Қазақ балалар фольклорының классификациялану үлгілері көрсетіліп, оның ішкі саралауға бөлінуіне қарай әлпештеу фольклоры, ойындық фольклор, отбасылық ғұрып фольклоры, жеткіншектер фольклоры деп жеке-жеке тоқталып (72-113 бб.) түсіндірілген, талдау жасалған.</p> <p>Қазақ балалар фольклор үлгілерінің ұрпақ санасында, жалпы ұрпақ тәрбиесімен айналысатын бұқара халықтың санасында орнығып, трансформациялануына үшінші бөлімдегі тәжірибелік сипатта балалар фольклорының үлгілеріне талдау жасау, тәжірибелік жұмыстар жүргізу негізінде қол жеткізіп, еліміздегі академиялық еңбектер жүз томдық «Балалар сөзінің» балалар фольклорына арналған 72-томы мен «Дала фольклоры антологиясының» 6-томын басты ғылыми нысанға ала отырып, аталған еңбектердегі балалар фольклоры мәтіндерін танымдық-эстетикалық және көркемдік тұрғыда талдаған (114-158 бб.).</p> <p>Зерттеу жұмысының барлық бөлімдері бір-бірімен логикалық байланысқан.</p>

		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) <u>сыни талдау бар</u>;</p> <p>2) талдау жартылай жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Балтымова Майра Рашидовнаның өзіндік пікірін білдіретін сыни талдаулар бар. Диссертант ұсынып отырған жаңа шешімдер, әдіс-тәсілдер мен қағидаттар диссертациялық жұмыста дәлелденіп, қазақ балалар фольклорының генезисі, типологиясы, поэтикасы жайындағы айтылған басқа да ғалымдардың пікірлерін сыни тұрғыдан салыстырылып бағалаған. Әлпештеу фольклорындағы бөбекті уату-алдарқату жырларындағы теңеу түрінде қолданылатын «қошақаным», «ботақаным», т.б. айтылатын еркелету сөздеріне ұқсатып түлкінің баласына теңеп, «түлкінің баласындай сүйкімді бол» (Г. Сағынадин) деп айтылған теңеу сөз салыстырылып, сыни пікір айтылған (94-б.). Зерттеуші П.В. Аникиннің ойынның халық педагогикасында, өнерде ерекше құрылым түзейтіндігі жайындағы пікірінде диссертант ғалымдардың ойындық фольклордың әлеуметтік рөлдерді және болашақ мамандықты таңдауда бейімдейтін қызметін назардан тыс қалдырғанын көрсетіп, өзінің топшылауын ұсынады (102-б.).</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми ережелер мен нәтижелер жаңа ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p> <p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияның ғылыми нәтижелері мен тұжырымдары толығымен жаңа. Оның жаңа болуы зерттеу жұмысында Тәуелсіздік алғаннан бергі жағдайда қазақ балалар фольклорының жекеленген мақалалар түрінде талданғанымен, PhD докторлық диссертация деңгейінде алғаш рет зерттелуімен, қазақ балалар фольклоры үлгілерінің дәстүрлі орындалуымен бірге трансформацияланған сипатының көрінісімен сабақтасып жатыр. Сонымен бірге балалар фольклоры да сөз өнерінің түрі болғандықтан оның көркемдік ерекшеліктері диссертацияда ұтымды сараланған.</p> <p>Ғылыми жұмыста алынған алты қорытынды толығымен жаңа. Алғашқы тұжырымда қазақ балалар фольклорының – сөз өнерін тасымалдайтын, оны жүзеге асыратын, ұрпақ санасына рухани мұрамызды сіңіруді көздейтін, ұрпағымыздың болашағына деген сенімін, үмітін жоғалтпай, оны қамтамасыз ететін тұсын көрсеткен. Фольклордың рухани азық беретін, ұрпақ тәрбиесін ата-баба салып кеткен сара жолмен құрып, халқымыздың санасында қалыптасып, бүгінгі күнге дейін жетіп отырған салт-дәстүрлер мен ырым-тыйымдарды, жөн-жоралғыларды жалғастыруға қызмет ететін халық тағылымы ретінде тұжырымдалуы жаңа деп санаймыз.</p> <p>Екінші тұжырымдағы қазақ балалар фольклорының генезисі – фольклордың мифологиялық мотивтері, фольклор мұралары, наным-сенімдер, мифтік түсініктер мен көзқарастар негізінде түсіндірілетін жүйе деп тұжырымдауы – жаңа.</p>

			<p>Қазақ балалар фольклоры жанрларында сюжеттің оқиғалық желісі, қиял мен шындықтың араласып келуі, көркемделуі балалар фольклоры туындыларының типологиялық қасиетке ие екендігі туралы тұжырымы – жаңа.</p> <p>Төртінші қорытындыда қазақ балалар фольклорының поэтикасы, оның жырлану, орындалу ерекшелігі, теңеу, эпитет, троп түрлерінің қолданылуын көрсетуі – жаңа.</p> <p>Бесінші тұжырымда қазақ балалар фольклорының дәстүрлі орындалуы мен трансформациялану үлгісі музыкада, кинода, театрда сахналық қойылымдар мен анимацияланған фильмдер, жаңарған заманауи балалар мультфильмдерінің жарыққа шығарылуымен – жаңа.</p> <p>Алтыншы тұжырым – жаңа. Жанрлық жіктелуіне қарай қазақ балалар фольклоры ұрпақ санасында отбасылық, дәстүрлі тәрбие негізінде орынығып, фольклор туындыларының көркемдік сипаты ұрпағымыздың тұлғалық дамуын қалыптастыратынын анықтап, қорытынды жасаған.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың мақсатына жету үшін қолданылатын техникалық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u>/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Ғылыми жұмыстағы негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген. Атап айтқанда, қазақ балалар фольклорының сөз өнерін тасымалдайтын, ұрпақ санасын рухани азықтандыруы, халық санасында орнығуы, бүгінгі күнге дейін жетіп отырған салт-дәстүрлер мен ырым-тыйымдар, жөн-жоралғылар ретінде қызмет ететін халық тағылымы екендігі XIX ғасырда қазақ халқының ұрпақ тәрбиесінде күшейе түсуі (34-35 бб.) философиялық ой тұрғысынан қарастырылған.</p> <p>Қазақ балалар фольклорының генезисі – фольклордың мифологиялық мотивтері, фольклор мұралары, наным-сенімдер, мифтік түсініктер мен көзқарастар негізінде түсіндірілетін жүйе екендігін С. Қасқабасовтың зерттеулеріндегі әлемнің жаратылуы мен күйреуі туралы мифтік</p>

			<p>көзқарастарына сүйеніп, фольклордың дүниетанымдық негізі мифологиялық ойлау (49-50 бб.) болып табылатыны көрсетілген. Балаларға аспан денелерінің құрылысын, қызметін (ай, күн, жұлдыз, жетіқарақшы) ұғындырып, мифтерді космогониялық және этиологиялық мифтер деп бөліп, «Бабабар сөзі» жүз томдығының «Қазақ мифтері» туралы 78-томындағы «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?», «Қоянның ерні неге үшеу?», «Жарқанат неге түнде ұшады?», «Бөдененің құйрығы неге қысқа?», «Ит пен мысық адамға қалай үйренді?», т.б. аңыздары арқылы мифтерді тудырушы мотивтерді балаларға түсіндіріп, аңыздар, ертегілер мен хикаяларды ұсынуға (50-52 бб.) болатындығы көрсетілген.</p> <p>Қазақ балалар фольклорының классификациялану үлгілері мен балалар фольклорының іштей саралануын әлпештеу фольклоры, ойындық фольклор, отбасылық ғұрып фольклоры, жеткіншектер фольклоры деп көрсетуде Х. Досмұхамедовтың «Аламан» атты еңбегінде берілген (76-77 бб.) 46 пункттен тұратын қазақ халық әдебиетінің классификациясы негізге алынған. Қазақ балалар фольклорының классификациялану үлгісін ұсынған орыс фольклортанушылары Г.С. Виноградов, О.И. Капица, В.П. Аникин (78-79 бб.) ұсынған классификациялар негізделген. Диссертант қазақ балалар фольклорының классификациясын фольклортанушы К. Ісләмжанұлының «Рухани уыз» (Қазақ балалар фольклоры) (2008) еңбегінде ұсынылған классификацияға (81-82 бб.) сүйеніп анықтаған және қазақ балалар фольклорын (83-84 бб.) топтастырған.</p> <p>Қазақ балалар фольклорының көркемдік сипатын ашуда ғасырлар бойы халықтық тәрбиенің қайнар көзі ретінде қалыптасқан балалар фольклорының көркемдік сипаты ұлтымыздың ұрпақ өсіруде эстетикалық талғамының биіктігі мен ой-қиялының шексіздігін айқындайтыны баяндалған. Фольклордың көркемдік сипатын ашу үшін кез келген әдеби туындының алға қоятын мақсаты – оның оқырманға әсерлілігі мен әдемілігі екендігі басты назарға алынған (114-129 бб.). Осы орайда әдеби тілді көркемдеудегі ең қажет тәсіл – құбылту (троп) мен ажарлау (фигура) болып табылуы туралы баяндалып, құбылту, теңеу, гипербола, әсірелеу, синекдоха, анафораның фольклор мәтіндеріндегі орнын көрсетіп, құбылту мен айшықтаудың түрлерін кестеге түсірген (131-132 бб.). Қазақ балалар фольклоры шығармаларының сюжеттік-композициялық ерекшеліктерін мәтіндерге талдаулар жасау арқылы анықтап, фольклор туындыларындағы сюжет пен композиция мәселелерін (135-б.)</p>
--	--	--	---

			<p>қорытындылаған. Сонымен бірге, сюжеттік желілердегі шиеленістер мен оқиғаның шарықтау шегіне шолу жасап, өзіндік ой қорытуларын келтірген (138-139 бб.). Қазақ балалар фольклорының поэтикасын зерттеуде сюжет пен композицияға негізделген жанрлардың көркемдік мазмұндық ерекшеліктерін пайымдап, кестеге түсірген (143-144 бб.).</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) <u>иә</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>иә</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u></p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) <u>тар</u>;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <u>кең</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>иә</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u></p>	<p>Қорғауға шығарылған негізгі тұжырымдар:</p> <p>1-тұжырымда қазақ балалар фольклорын жинақтау ісі қазақ балалар фольклоры – ұрпақ санасына рухани мұрамызды сіңіруді көздейтін, ұрпағымыздың болашағына деген сенімін, үмітін жоғалтпай, оны қамтамасыз ететін, рухани азық беретін, ұрпақ тәрбиесін ата-баба салып кеткен сара жолмен құруға, халқымыздың санасында қалыптасып, бүгінгі күнге дейін жетіп отырған салт-дәстүрлер мен ырым-тыйымдарды, жөн-жоралғыларды жалғастыруға қызмет ететін халық тағылымы, деп тұжырымдауы нақты талдаулармен дәлелденген. Тривиалды емес. Жаңа. Қолдану деңгейі кең. Мақалада дәлелденген.</p> <p>2-тұжырымында қазақ балалар фольклорының генезисі – фольклордың мифологиялық мотивтері, фольклор мұралары, наным-сенімдер, мифтік түсініктер мен көзқарастар негізінде түсіндірілетін жүйе делінген. Қазақ балалар фольклорындағы мифологиялық көзқарастарды анықтауда, балалар фольклорының жанрларын жекелеген түрде талдап, саралап зерттегенде миф жанрының бар екендігі нақты талдаулармен дәлелденген. Тривиалды емес. Жаңа. Қолдану деңгейі кең. Мақалада дәлелденген.</p> <p>3-тұжырымында қазақ балалар фольклоры классификациялану үлгілері мен оны орындаушыларына қарай ересектер мен балалардың өздері орындайтын шығармаларының: бесік жыры, уату-алдарату жырлары, мәпелеу жырлары мен сұрамақ, санамақ, қаламақ, тақпақтардың орындалуын құраушы жүйе екендігін сипаттаған. Сонымен қатар балалар фольклоры әлпештеу фольклоры, ойындық фольклор, отбасылық ғұрып фольклоры, жеткіншектер фольклоры деп сараланған құрылым екендігін дәлелдеген. Тривиалды емес. Жаңа. Қолдану деңгейі кең. Мақалада дәлелденген.</p> <p>4-тұжырымда қазақ балалар фольклорының поэтикасы, оның орындалу ерекшелігі мен көркемді-эстетикалық мәні көркемдік құралдар: теңеу, эпитет, құбылту мен айшықтау, қайталау арқылы көрініс табатындығы дәйектелген. Балалар фольклоры жанрларының поэтикасы мен көркемдік мәні шығарманың басталып, шарықтауы, өрбуі, аяқталуынан тұратын тұрақты бірнеше элементтерден құралатындығы нақтыланған. Балалар фольклоры</p>

			<p>шығармаларында тіл көркемдігі, бейнелеу құралдары кездесетіндігін тұжырымдауы талдаулармен дәлелденген. Тривиалды емес. Жаңа. Қолдану деңгейі кең. Мақалада дәлелденген.</p> <p>5-тұжырымда қазақ балалар фольклорының дәстүрлі орындалуы мен трансформациялану үлгісі музыкада әуендер, кинода, театрда сахналық қойылымдар мен анимацияланған фильмдер, балалар мультфильмдері, қолөнер мен сәулет өнері арқылы жүзеге асырып, қазақ балалар фольклорының сөз өнерімен қатар саз өнері ретіндегі көрінісі этнографиялық айшықтарда елеулі орын алатындығын тұжырымдауы талдаулармен дәлелденген. Тривиалды емес. Жаңа. Қолдану деңгейі кең. Мақалада дәлелденген.</p> <p>Алтыншы тұжырымда жанрлық жіктелуіне қарай қазақ балалар фольклоры ұрпақ санасында отбасылық, дәстүрлі тәрбие негізінде орнығып, фольклор туындыларының көркемдік сипаты ұрпағымыздың тұлғалық дамуын қалыптастыратынын тұжырымдауы талдаулармен дәлелденген. Тривиалды емес. Жаңа. Қолдану деңгейі кең. Мақалада дәлелденген.</p> <p>Ұсынылып отырған зерттеу жұмысының негізгі қорытындылары фольклор, балалар фольклоры, балалар фольклорының жанрлық ерекшеліктері мәселелерін зерттеген теориялық ғылыми талдауларға зерттеу жасай отырып айқындалған, зерттеу бағыттары жүйеленген. Қазақ балалар фольклорының генезисі, типологиясы және поэтикасы фольклор мәтіндеріне талдаулар жасау арқылы дәлелденген. Диссертациялық жұмыста балалар фольклоры мәтіндеріне талдаулар кеңінен жасалып, сипатталған, дәйектелген. Мәтіндерге талдаулар жасау негізінде ой-толғамдар беріліп, оларды кестеге түсірген.</p> <p>Диссертация мазмұны бойынша Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің ғылыми қызметтің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдарда 5 мақала, халықаралық конференциялардың жинақтарында 7 мақала, республикалық конференция жинағында 1 мақала, ғылыми басылымдарда 3 мақала басылып шығуымен расталды.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) <u>иә</u> ; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыстың әдіснамасын таңдау сапалы негізделген, қолданылған зерттеу әдістері диссертациялық жұмыстың бөлімдерінде нақты сипатталған. Зерттеуде жалпы ғылыми әдістер, яғни кешенді талдау, ғылыми жүйелеу, жинақтау, сипаттау, қорытынды жасау әдістері сандық және сапалық тұрғыда тиімді пайдаланылған. Аталған әдістерден диссертанттың тыңғылықты теориялық және әдістемелік дайындығы байқалады.

		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) <u>иә</u>; 2) <u>жоқ</u></p>	<p>Диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін қазақ балалар фольклорының генезисін, типологиясын, поэтикасын фольклордың қалыптасу, даму, зерттелу және фольклор мәтіндеріндегі көрінісін тәжірибелік талдау жұмыстарында пайдаланған.</p>
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) <u>иә</u>; 2) <u>жоқ</u></p>	<p>Теориялық қорытындылар, анықталған өзара байланыстар мен дәлелдемелер қолданбалы сипаттағы мәтіндерге жасалған талдаулармен көрсетілген және толық бір бөлім болып расталған (114-158 бб.). Атап айтқанда, қазақ балалар фольклорының көркемдік сипаты жүз томдық «Балалар сөзінің» балалар фольклорына арналған 72-томы мен «Дала фольклоры антологиясының» 6-томын басты ғылыми нысанға ала отырып, аталған еңбектердегі балалар фольклоры мәтіндерінің көркемдік сипаты талданып, жүйеленген. Балалар фольклоры мәтіндері көркемдеуіш құралдар бойынша талданған (114-132 бб.). Қазақ балалар фольклоры шығармаларының сюжеттік-композициялық ерекшелігі анықталып, ертегілер, өтірік өлеңдер, аңыздардағы сюжеттік байланыстар көрсетілген (132-144 бб.). Қазақ балалар фольклорының дәстүрлі орындалуы мен трансформациялану үрдісіндегі өзгерулер мен жаңарулардың бүгінгі күнгі өзектілігі дәлелденіп, цифрлық платформалардағы, ғаламтор желісіндегі балалар фольклорының үлгілеріне жасалған талдаулармен нақтыланған (143-158 бб.).</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың теориялық және әдіснамалық негізі ретінде мынадай еңбектерге сүйенген, олардың теориялық тұжырымдары басшылыққа алынып, сілтемелермен расталған: фольклорлық дәстүр ортасында өмір сүрген ағартушылардың (А. Құнанбаев, Ы. Алтынсарин, Ш. Уәлиханов), ұлт зиялыларының (А. Байтұрсынов, Х. Досмұхамедов, М. Дулатов) көзқарастары, халық ауыз әдебиеті үлгілерінің жинақталуы мен таралуы жайындағы мәселелер (Ә. Диваев, А.Н. Веселовский, Г.Н. Потанин, В.В. Радлов,</p>

			<p>С. Сейфуллин, М. Әуезов, Б. Уахатов, Н. Смирнова), фольклор теориясының ғылыми айналымға енуі турасындағы мәселелер (Ә. Марғұлан, М. Ғабдуллин, Ә. Қоңыратбаев, Е. Тұрсынов, Р. Бердібай, С. Қасқабасов, А. Сейдімбек, Ш. Ахметов, Ә. Молдаханов, Ш. Ыбыраев, Б. Абылқасымов, Ш. Керім, А.Ш. Пангереев, Ж. Асанов, Ж. Аймұхамбет, А. Әбсадықов, А. Тойшан), кеңес дәуіріндегі балалар фольклорының теориялық мәселелері (Г.С. Виноградов, О.И. Капица, В.П. Аникин, М.В. Осорина), ғұрыптық фольклор, оның этнографиясы жайындағы зерттеулер (С.А. Қасқабасов, К.І. Матыжанов), қазақ балалар фольклорының жіктелімі, дәстүрлі тәрбиедегі алатын орны жайындағы зерттеулер (К.І. Матыжанов, А.Т. Ақжолова), фольклордың типологиялық мәселесі (Ш. Ыбыраев, Б. Абылқасымов, С. Негимов), қазақ балалар фольклорын әнмен, әуезбен орындауды көрсетіп, бесік жырларының үлгілерін жинақтаған музыкатанушылар (А. Жұбанов, Б.Г. Ерзакович, А.В. Затаевич, З. Жанұзақова, Б. Қарақұлов), мектеп оқулықтарына ауыз әдебиеті үлгілерін енгізу мәселесін зерделеген (Ә. Дайыр, Қ. Айтқалиев, Ш. Беркімбаева, Г. Құрманбай, Н. Мүрсәлімова).</p>
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	<p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу жасауға жеткілікті. Диссертациялық жұмыста отандық және шетелдік авторларды, электрондық дереккөздерді қосқанда 127 әдебиет көзі қолданылған. Барлығына берілген сілтемелер диссертациялық жұмыстарды рәсімдеуге қойылатын талаптарға сай көрсетілген.</p>
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>бар</u> ; 2) жоқ	<p>Диссертациялық жұмыс жалпы фольклор, балалар фольклоры, қазақ балалар фольклоры, фольклор жанрлары, фольклористика ғылымының жалпы және жеке сұрақтарын дамытуға, олардың ұғымдық аппаратын толықтыруға септігін тигізеді.</p>
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>иә</u> ; 2) жоқ	<p>Диссертациядағы Х. Досмұхамедов, А. Байтұрсынов, К.І. Матыжановтың қазақ балалар фольклорының классификациялану үлгілеріне сәйкес жасалған топтастыру үлгісі, балалар фольклоры жанрларының мәтіндеріне жасалған талдаулар осындай бағыттағы жұмыстарды жүргізуде үлгі-негіз ретінде тәжірибелік маңызы зор.</p>

		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыстағы практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. Қазақ балалар фольклорының генезисі, типологиясы және поэтикасы жайындағы талдаулар PhD докторлық диссертация деңгейінде алғаш рет жүргізіліп отыр.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде орындалған, ғылыми жұмыс диссертацияларға қойылатын талаптарға сай жазылған. Нормативтік сілтемелер, белгілеулер мен қысқартулар, анықтамалар талапқа сай жүйелі жасалған.
11	Диссертацияға ескертулер		Диссертация мазмұнымен, ұсынылған тұжырымдармен, олардың дәлелдемелерімен танысып, зерделеуде менің тарапымнан арнайы ескерту жасайтындай кемшілік кездеспеді.
12	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда респи рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Докторанттың диссертация тақырыбы бойынша он алты жарияланым бар. Олардың ішінде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің ғылыми қызметтің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдарда жарияланған «Қазақ балалар фольклорының жанрлық жіктелімі» (№1(130), 2020 ж.), «Балалар фольклоры дәстүрлі мәдениеттің ерекше саласы ретінде» (№3(99), 2020 ж.), «Балаларға арналған фольклорлық шығармаларды игерту жолдары» (№4(137), 2021 ж.) тақырыбындағы еңбектері ғылыми жұмыстың бірінші, екінші бөлімі мазмұнының теориялық және тәжірибелік негізін құрайды. «Children's folklore is the source of the preservation of folk traditions» (№2(143), 2023 ж.), «Қазақ балалар фольклорының қалыптасуы» (№1(72), 2024 ж.) жарияланымдары диссертациялық жұмыстың теориялық, әрі практикалық негізін құрайды. Әр жарияланымның ғылыми деңгейі жоғары.
13	Ресми рецензенттің шешімі (осы үлгі		Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне Балтымова Майра Рашидовнаға «6D020500 – Филология» білім беру бағдарламасы

ереженің 28-тармағына сәйкес)	бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беру туралы өтініш білдіремін.
-------------------------------	---

- 1) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне Балтымова Майра Рашидовнаға «6D020500 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беру туралы өтініш білдіру;
- 2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайлардан басқа);
- 3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту.

Балтымова Майра Рашидовнаның «Қазақ балалар фольклоры: генезисі, типологиясы, поэтикасы» атты диссертациясына оң пікірімді бере отырып, қорғауға ұсынуға лайық жұмыс деп есептеймін.

Рецензент:

М.О. Әуезов атындағы

Әдебиет және өнер институтының
директоры, ҚР ҰҒА академигі, филология
ғылымдарының докторы, профессор

К.С. Матыжанов

25.11.2024

